

1- тапсырма. Жұбан Молдағалиевтың өмір жолы мен шығармашылығы бойынша конспект дайындаңыз.

2- тапсырма. Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасынан үзінді мәнерлеп оқыңыз. (Үш -төрт шумақ)

3- тапсырма.

Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасы бойынша тест сұрақтарына жауап беріңіз

1. Поэма шумақтары қандай ұйқасқа құрылғанын көрсетіңіз.

- A) қара өлең ұйқасы
- B) шұбыртпалы ұйқас
- C) шалыс ұйқас
- D) егіз ұйқас

2. Бос орынға қажетті сөзді қойыңыз.

*Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген,
... таныстым мұң тілімен.*

- A) бесігімде
- B) жөргегімде
- C) ошағымда
- D) төсегімде

3. Берілген жолдардағы теңеуді табыңыз.

*Сансыз басты диюдай сан тіріліп,
«Мен – қазақпын» дегенді айта тұрдым.*

- A) сансыз басты диюдай
- B) сан тіріліп
- C) «Мен – қазақпын»
- D) 1дегенді айта тұрдым

4. Жазушының тұңғыш өлеңдер жинағы қандай атпен жарық көргенін көрсетіңіз.

- A) «Мен – қазақпын»
- B) «Жеңіс жырлары»
- C) «Көкшетау»
- D) «Дала түні»

5. Берілген жолдың жалғасын табыңыз.

Мен – қазақпын, белдімін, байтақ елмін,

...

- A) Қайта тудым, өмірге қайта келдім
- B) Құлап қалсам атымнан, қайта тұрдым
- C) Айта бергім келеді, айта бергім
- D) Ат үстінде өлсем де шатпын дедім

6. Ақынның «Мен – қазақпын» поэмасы не жайында екенін анықтаңыз.

- A) қазақ халқының өткен өмірі мен тағдыры
- B) қазақ елінің батырлары
- C) қазақ жерінің сұлу табиғаты
- D) қарапайым халықтың жағдайы

7. Поэмада ақын Әмір Темірді неге теңегенін белгілеңіз.

- A) бөріге
- B) арыстанға
- C) жолбарысқа
- D) айдаһарға

8. Ж. Молдағалиевтің ақындық даңқын көтеріп, оның есімін әдебиет әлеміне енгізген шығармасын көрсетіңіз.

- A) «Жол туралы аңыз»
- B) «Мен – қазақпын»
- C) «Күз»
- D) «Менің халқым»

9. Поэмада Мария Жагорқызы кімге ғашық болып қалатынын көрсетіңіз.

A) қазақ жігіті Дударға

B) орыс жігітіне

C) ауыл болысына

D) ақынға

10. «Мен – қазақпын» поэмасына тән ерекшелікті көрсетіңіз.

A) үшінші жақта жазылған

B) басынан аяғына дейін болашаққа болжам жасалады

C) фантастикалық сюжет молынан ұшырасады

D) лирикалық-публицистикалық стильде толғана жырланған